

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 1 тамыздағы "Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округінің Ынтымақ ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 22 ақпандағы № 3 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 13 наурызда № 5908 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабының 8) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Қарақұдық ауылдық округі әкімінің міндетін атқарушысы **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округінің Ынтымақ ауылында ірі кара мал арасында бруцеллез ауруын жою бойынша ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар кешенінің орындалуына байланысты белгіленген шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 1 тамыздағы "Ертіс ауданы Қарақұдық ауылдық округінің Ынтымақ ауылында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5614 болып тіркелген, 2017 жылғы 9 қыркүйектегі аудандық "Ертіс Нұры", "Иртыш" газеттерінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарақұдық ауылдық округі
әкімінің міндетін атқарушысы
"КЕЛІСІЛДІ"

Г. Қуантаева

Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Ертіс
аудандық аумақтық
инспекциясының басшысы
2018 жылғы "22" ақпан

Е. Каримжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК